

Қ.Е. Ерболат,
ҚазГЗУ, заң ғылымның магистрі,
конституциялық құқық және мемлекеттік басқару
кафедрасының оқытушысы

**Халықаралық тасымалдау кезінде
адам құқықтарын қорғау механизмін
жетілдіру мәселелері**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабы 1-тармақшасында: «...әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін тандауына құқығы бар» делінген [1]. Осы бапқа сәйкес әркім өз кәсібімен айналысуға, шетелден тауар немесе көлік құралдарын тасымалдауға құқылы. Осыған орай, бүгінгі таңда халықаралық тасымалдау кезінде адам мен

азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері маңызды болып отыр.

Шетелдерден тауар немесе көлік құралдарын тасымалдау кезінде кедергілер кездесіп, белгісіз себептермен Қазақстан Республикасына өте алмай жатады. Осы тұста, **«Көлік туралы» Қазақстан Республикасы заңына тоқталатын болсақ, осы заңның 15-бабында** көлік құралдарына қойылатын талаптар белгіленген: «Көлік құралдары көлік саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген адам өмірі мен денсаулығының, қоршаған ортаның қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға сәйкес келуге, сәйкестікті растау саласындағы құжаты болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс. Көлік құралдарының сәйкестігін растау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралдары әкелінбеуге, сатылмауға және пайдаланылмауға тиіс» [2] - деп атап көрсетілген. Бірақ, аталған заңның нормалары халықаралық тасымалдау кезіндегі адам құқықтарының қорғалу мәселесін нақты көрсетпейді.

Сондықтан да, халықаралық тасымалдаудағы адам құқықтарына қатысты мәселелерді ескере отырып, яғни заңдарда белгіленген талаптардың толық орындалуы және халықаралық тасымалдау кезінде адам құқықтарын қорғау механизмін жетілдіру үшін заң нормалары толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талап ететін мәселе болып отыр. Атап айтқанда, «Көлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына халықаралық тасымалдау кезінде адам құқықтарын қорғау, халықаралық тасымалдарды реттеу бөлімдерін енгізіп, біздің ойымызша, сәйкесінше «Жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенцияны бекіту туралы», «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын жүйелеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме.-Алматы: Паритет, 2010.- 400 б.*
2. *«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы»*

*Қазақстан Республикасының 1994 ж. 21 қыркүйектегі № 156-
XIII Заңы*